


АЙҚЫН

«Құрыш тұлға» қалай шынықты?



Жеті бөлімге бөлінген, әсем безендірілген, түрлі-түсті фотолармен және көптеген құжаттар көшірмелерінен және қосымшаларадан тұратын Айтбай Сәулебектің «Құрыш тұлға» тарихи-танымдық кітабы қалың оқырманға арналған.

Автор өзінің кітабында Президент Н.Назарбаевтың еңбек жолын алғаш бастаған жері Теміртау қаласы мен Қарағандыда өткізген 19 жылдық өмірі мен еңбек жолын Ресей мен Қазақстанда жаңадан табылған мұрағаттық деректер негізінде жан-жақты баяндаған. Айтбай Сәулебек бұл кітабын тарихи құжаттарға, куәгер-тұлғалардың естеліктеріне, ой-пікірлеріне, деректер мен дәйектемелерге сүйеніп жазғаны көрініп тұр. Қаламгер қазір әлем таныған қайраткер Н.Назарбаевтың Орталық Қазақстанда өткізген жалынды жастық шағын бұрын жарыққа шықпаған, мұрағаттарда сақталған тың құжаттармен дәлелдеп, оқырмандарға құрыштай шыңдалып, басшы, комсомол, партия қайраткері ретінде қалыптасу кезеңін суреттейді. Жазушы 1958 жылы ауыл мектебінің табалдырығынан шыққан өрімдей жас азаматтың комсомолдық жолдамамен «Қазақстан Магниткасы» Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургиялық комбинатының 1957 жылы басталған құрылысына келіп, сол жылы металлург мамандығын игеру үшін Украинаның Днепродзержинск қаласына оқуға жіберіліп, 1960 жылы техникалық училищені үздік тәмамдап, жолдастарымен бірге Нижний Тагиль, Магнитогорск сияқты ірі өнеркәсіп орындарына барып тәжірибе жинап, комбинатқа оралып еңбек жолын бастауын қызықты етіп баяндайды. Жалындаған жас Нұрсұлтан (ол кезде замандастары «Сұлтан» деп атаған екен) училищеден мамандық алып келген 67 жас қазақ жігіттерінің 18-ін қиындықтан қорықпай, ел игілігі, болашағы үшін алып құрылыста қалып жұмыс істеуге көндіргені нанымды суреттейді. Ол кезде әлі славян ұлттарымен еркін араласа қоймаған шалғай

қазақ ауылдарынан шыққан бозбалалар бұл жердегі қиын әлеуметтік жағдайға көндігіп кетуі қиын болатын. Оның үстіне, екпінді құрылысқа келгендер қатарында бұрын қылмыс жасағандар, сотталғандар, маскүнемдер, тентектер болғаны және 1959 жылы Теміртаудағы болған жұмысшылардың наразылығы кезінде, қан төгілудің, өлім-жітімнің болуы да қазақ жастарын үркітіп тастаған болатын. Осындай қиын сәтте жас Нұрсұлтан қазақ жастарының көшбасшысы, ұйытқысы, қамқоршысы, ақылшысы бола білді. Жазушы кітабында «Биыл №1 домна пеші іске қосылуға тиіс. Барып үлесімізді қосайық, Қазақстанда тұңғыш шойын алу мерекесіне қатысайық. Ертеңгі күні балаларымыз бен немерелеріміз «Қазақстан Магниткасының тұңғыш оқиғасына қатыстыңыз ба?» десе не демекшіміз?» деген жалынды сөздерін келтіреді. Жазушы бұрын көп айтыла бермейтін осы шындықты бүкпесіз көрсетіп жас Нұрсұлтанның кейін тек қазақ қана емес Теміртау жастарының көшбасшысы деңгейіне көтерілу жолын естеліктермен, құжаттармен суреттейді. Елбасымыздың еңбек жолын Теміртауда алғашқыда құрылысшы, зауытта домна пешінің горновойы болып бастағаны бәрімізге белгілі. Шындығын айту керек, металлург – өте ауыр да құрметті мамандық. Оған жігіттің жігіті ғана шыдайды. Автордың жазуынша, кезінде қазақтың 600 жас азаматы металлургия мамандығын игеруге жіберіліпті. Солардың қаншасы қазір құрыш қолды, болаттай беріктікті қажет ететін отты мамандықты игеріп жүр екен деп іздеу салады. Сөйтіп, «Қарағанды металлургия комбинатында 25 жыл бойы еңбек еткен қазақтар» деген кадр бөлімінен тізім табады. Бас-аяғы 66 қазақ екен, – деп көрсетеді. Үздік еңбегімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, еңбек ұжымындағы беделімен көзге түсіп, басқаларға үлгі болған жас металлург Нұрсұлтан 1962 жылы Мәскеуде өткен комсомолдың XIV съезіне делегат етіп сайланады. Қаламгер миллиондаған жастың ішінен мұндай құрметтің Н.Назарбаевқа түсуі тегін еместігін көрсетеді. Съезде сол кездегі Кеңес Одағының Ю.Гагарин, маршал И.Конев және басқа да атақты адамдарымен танысып, түскен суреттері орталық газеттерде жарияланады. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы 1962 жылы Хельсинкидегі «Бейбітшілік пен Достық үшін» деп аталатын жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестиваліне, 1967 жылы Мәскеуде өткен совет-жапон жастары фестиваліне қатысады. Осындай құрметке ол өзінің адал еңбегі мен талантының арқасында жетті. Н.Назарбаев еңбек ете жүріп Қарағанды политехникалық институтында (1962-1965 жылдар), кейін Теміртаудағы Қарағанды металлургия зауытының Жоғары техникалық оқу орнында (1965-1967 жылдар) күндізгі және кешкі бөлімдерінде оқып, жоғары инженерлік білім алады. Кітаптың бір құндылығы Елбасымыздың студент болған жылдары кейбір мұрағаттар мен жекелеген мақалаларда жаңсақ көрсетіліп жүрген қателіктердің орнын толтырғаны деуге болады. Іскер де, талапты Нұрсұлтанды көп ұзамай Теміртау қалалық комсомол комитетінің басшысы, қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне жоғарылатып, жоғары басшылардың назарына ілігеді. Содан 1973-1977 жылдары Н.Назарбаев 40 мың адам жұмыс жасайтын Қарағанды металлургия комбинатының партия комитеті хатшысы қызметіне сайланады. «Бұл

лауазым республикаға қарамайтын. Тікелей КСРО, оның ішінде Кремльге, КОКП Орталық Комитетіне бағынатын еді» деп кітап авторы Н.Назарбаевқа қандай жауапты жұмыс тапсырылғанын көрсетеді. Кезіндегі Қарағанды металлургия комбинатын бас директоры, қазірде Ресейдің белгілі мемлекет қайраткері, бизнесмен Олег Сосковец, Қазақстан Республикасының тұңғыш Сыртқы істер министрі болатын Төлеутай Сүлейменов, Қабидолла Сарекенов, Қуаныш Омашев және басқа да қарағандылық еңбектес достарының Н.Назарбаевтың өмірдегі, еңбектегі батыл іс-әрекеттері туралы қызықты естеліктері болашақ Елбасының бейнесін аша түседі. Нұрсұлтан Назарбаев 3 жыл Қарағанды металлургия комбинатының партия комитетін басқарғанда таудай болып қордаланып қалған проблемаларды шешіп қана қойған жоқ, комбинатты Кеңес Одағындағы озат кәсіпорынның қатарына қосты. Халықтың әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартты. Теміртауды адам танымастай құлпыртты. 1977-1979 жылдары қызметі өсіп, Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы және екінші хатшысы қызметін де абыроймен атқарады. Бұрын қара металлургияның білгірі атанса, енді оның құзырына облыстағы көмір өнеркәсібі, түрлі-түсті металлургия, энергетика, машина жасау т.б. жетекшілік жасау жүктеледі. В.Долгихтің куәлік етуінше Н.Назарбаев Қарағандыда обкомның екінші хатшысы болып жүргенде көмір өнеркәсібін дамытты. Теміртаудағы сияқты өндірісті жаңа сатыға көтерді. Айтбай Сәулебек осылайша Н.Назарбаев саяси басшы ретінде, қоғам қайраткері ретінде, ұлт азаматы ретінде Орталық Қазақстанда қалыптасты. Қырыққа жетпей Назарбаев Алматыға партияның Орталық Комитетінің хатшысы болып оралды. Қарағанды облысы халқы Алатау етегіндегі Үшқоңырда туып-өскен талантты Сұлтанды Арқадағы аяулы да, атақты азамат Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан мемлекеті басшыларының бірі ретінде туған мекеніне қарай қимастықпен шығарып салды деп қорытындылайды. «Мен Нұрсұлтан Әбішұлын Қарағанды металлургия комбинатында еңбек жолын горновой болып бастаған кезден білемін. Сол кездің өзінде-ақ оның ойлау логикасы өте мықты, парасаты терең, өрісті болды. Адамдар арасында өзін-өзі ұстауы, үлкенмен үлкенше, жаспен жасша тілдесе білетін, жұмысшымен де, ғалыммен де, қай ұлттың адамы болмасын тіл табысатын қасиеті риза ететін, замандастары арасында шоқтығы биік болып, алда жүретін» деп жазыпты профессор, Қарағанды облыстық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Сұлтан Досмағамбетов. Автор кітабында Н.Назарбаевтың достыққа беріктігін, адалдығын, әділдігін жақсы мысалдар келтіру арқылы сәтті көрсете білген. Н.Назарбаевтың 2006 жылы Мәскеудің Болат және балқыма институтының студенттерімен кездесуде, осы оқу орнының ректоры Ю.Карабасов горновойдың қандай қиын мамандық екенін екінші бірі біле бермейтінін айта келіп домна пешінде горновой болу үшін басты екі қасиет болуы шарт болуы керектігін айтады: «Біріншісі, 1500 градустық отпен арпалысу үшін қайсар мінез керек. Қорықпайтын ержүрек болу керек. Екінші, мықты денсаулық болуы керек. 45 градустық ыстық цехта бірнеше сағат бойы тер төкпек түгіл, шамалы ыссы далада басы ауырып, көзі қарауытатындар қаншама?! Міне, Назарбаев осындай батыр! Ол

оттың ішінде жүріп шындалды. Мәскеуде отырып, кейде ойлаймын: Қазақстан халқының бағы бар екен деп, Неге? Өйткені металлург тұңғыш Президент болды! ...Елестетіп көріңізші, алыпсатар, не саудагер, болмаса басқа бір болмашы мамандық иесі таққа отырғанда не болар еді? Нұрсұлтан Назарбаев сияқты «жоқтан бар» жасай алар ма еді? ... Қазақстанның жолы болды. Назарбаев халыққа бақ болып қонды» деп ойын түйіндейді. Кітап авторы Қазақстан Магниткасының Н.Назарбаевтың Қазақ елінің болашақ Көшбасшысы болуында орасан рөл атқарғанын өз сөзімен қорытындылайды: «Егерде менің өмірімде Магнитка мен Теміртау болмағанда, мен ешқашанда Президент болмаған болар ем».